Жаңа-ұйым   жалпы орта білім беретін мектебі.

Бекітемін

Мектеп директоры:

--------- И.М.Төлегенов

# Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының
# 2022-2023 оқу жылындағы жарты
# жылдық жұмыс есебі



Дайындаған:               Б.  Сариева

 

1- сынып оқушыларының жүрекжарды тақпақтарын айту  сәті. 1- сыныптың оқушысы Ерғали Айзеренің орындауындағы «Бақытты балалық шақ» әнін айту сәті.

 

Алғашқы қоңырау соғу рәсімін 11-сынып оқушылары  Тойбағар Замира мен Батырғали Мерей  1- сынып оқушысы Серікбай Сайда  орындады
Салтанатты іс- шарамыз аяқталып ,барлық сыныптар алғашқы сабақтарына кірді.

Дайындаған  ДТІЖО :  Сариева Б
Ұйымдастырушы педагог :  Сейтова   А
Тәлімгер :  Мамырова А
ҚББП:  Әбдімәжит Қ

Қыркүйек айынан бергі бастау алған балаларды тәрбие мен рухани дамуға зиян келтіретін ақпарат пен материалдардан қорғау жөніндегі өтілген іс-шаралардың мәліметтері.

**Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебі.**

**"Президенттік" сайлауға үміткерлер**

Төлеби ауданы адами әлеуметті дамыту бөлімінің, аудандық "Жас Ұлан" ұйымының атқарушы хатшысы Төрехан Хамзаұлының бастамасымен "Жаңаұйым жалпы орта білім беретін мектебі" КММ "Жалын" Өзін-өзі басқару ұйымы және "Жас Ұлан" ұйымының ұлан басын сайлау мақсатында мектептің Аға тәлімгері Мамырова Айжан ұйымдастыруымен оқушылар арасында сайлау болып өтті.

Сайлау ашық дауыс беру негізінде өткізілді. Сайлау қорытындысы бойынша 8-сынып оқушысы Ұзақбаева Ақжібек - 26 дауыс жинады, 9-сынып оқушысы Ибадила Жансейіт 45 дауыс жинады, 10-сынып Батырғали Қарақат Жұмаханқызы 61 дауыс жинады. Басым дауысқа ие болған Батырғали Қарақат Жұмаханқызы мектеп Президенті болып сайланды. Сайлауға оқушылар ашық дауыс беру арқылы қатысты.





Оқушылардың дауыс беру сәті






 









Жәшік ашылуы және бюлетень санау сәтті.

**Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебі.**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының №15-53/328 шығыс хатына сәйкес Түркістан облысы Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебінде 2022 жылы Мұғалімдер күніне орай «Дублер күні » мектебіміздің «Өзін өзі басқару » ұйымының атсалысыуымен, мектеп әкімшілігінің қадағалауымен өткізілді. Мақсаты мектептегі «Өзін-өзі басқару » ұйымының жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиет терін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қасиеттерін іске асыру.10-11 сынып оқушылары өздері қалаған, жандарына жақын пәндерге, мұғалімдерге дублер бола білді. Ұстаздар мерекесіне орай мектеп Ұйымдастырушысы А.Сейтова, Аға тәлімгер А.Мамырова концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.



















#Балаларжылы
#Годдетей

#өзін-өзібасқару
#школьное-самоуправление
#студенттікпарламент
#студенческийпарламент
#rumcdo-official
#ТО-өзін-өзібасқару
#школьное-самоупр-обл-Туркестан

**Жаңа- ұйым жалпы орта білім беретін мектебі.**

Мәліметі

2022-2023 оқу жылы айының 30 жұлдызы күні өзін - өзі басқару ұйымымен бірлесе, аға тәлімгер Мамырованың ұйымдастыруымен «Қарты бардың-қазынасы бар!» атты тақырыбында кездесу өткізілді. Мақсаты: 1-қазан Қарттар күніне орай елді мекендегі қарттарды құттықтап, қамқорлық көрсету,адамгершілік пен мейірімділікке тәрбиелеу. Чернобыль ардагері Нарынбаев Сағын қария мен көп балалы, зейнеткер Оразалиева Қыздаркүл ананың және де үйлеріне барып, "Қарттар күнімен" құттықтап, сұхбаттасып, сый-сияпатын беріп, қариялардың өнегелі әңгімелерін тыңдады. Қарияларға ән айтып, өлеңдер оқып, өз өнерлерін көрсетіп, қариялардың көңілдерін көтеріп, батасын алды.







**Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебі.**

Жаңа-ұйым жалпы ортабілім беретін мектебінде Тәуелсіздік күніне байланыст «Желтоқсан желі ызғарлы» тақырыбында өткен іс-шаралар «Биік болсын тұғырың дебаттық сайыс, «Тәуелсіз елдің ұрпағымыз» атты ашық тәрбие сағаты, «Тәуелсізді менің бақытым», «менің болашағым» үздік эссе байқауы, «Менің Тәуелсі Қазақстаным!» сурет байқауы өткізілді.















**Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебінде 25 - қазан Республика күніне орай 18.10. - 21.10.2022 жылғы аралығында өткізілген іс - шаралар мәліметі .**

**Мақсаты:** Оқушыларды Отанға деген сүйіспеншілікке , мемлекеттік мерекелерге құрметпен қарауға ,еліміздің рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу, Отанға деген патриоттық сезімдерін қалыптастыру.

Республика күнін мерекелеуге арналған іс-шара **18. 10.2022** қазанда басталды.

1) 1-11 сыныптар арасында **18. 10.2022** жылы

**« Қазақстанның болашағы – бүгінгі жастар »** деген тақырыпта көрме байқауы өткізілді . Көрмеде оқушылар өздері салған суреттерін іліп , шарлармен безендіріп өздерінің Отанға деген сүйіспеншілігін білдірді. Жасалған көрмеде оқушылар өздерінің Отанға, туған жерге , еліне , жеріне деген патриоттық сезімдерін көрсетті .




25-Қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ




25казан Республика күні!
Жасай бер, Қазақстаным!






**« Қазақстан Республикасы азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуы »** тақырыбында **21.10.2022** жылы тарих пәнінің мұғалімі : Сағындықова Эльмира және Исмайлова Венераның ұйымдастырумен 10-11 сыныптар арасында конференция өткізді.









**« Менің Отаным – Қазақстан »** тақырырыбында **20.10.2022** мектебіміздің кітапханашысы: Куралова Сабира 1-11 сыныптар арасында кітап көрмесін ұйымдастырды.






**21.10.2022** жылы1-11 сыныптың жетекшілері  мемлекеттік, Әнұранды жаппай орындау акциясын ұйымдастырды.












**19.10.2022** жылы  5-11 сыныптар арасында тіл мамандары, Куралова Сабира, Борашова Мейрамкүлдің  ұйымдастыруымен
**« Қыран  елім –Қазақстаным!», « Атамекен »** тақырыбында  бірыңғай диктанттар жазылды.









**« Жаңа Қазақстан »** тақырыбында **19.10.-21.10.2022** жылы ұстаздар арасында челлендж ұйымдастырылды.









**Жаңа- ұйым жалпы орта білім**

**беретін мектебі.**

Мәліметі

Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебінде Жасөспірімдер мен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Төлеби АПБ-нің ЖП ҚБ ЮПТ аға учаскелік полиция инспекторы полиция майоры Камалов Мурат Асанович, Төлеби АПБ ЖПҚБ ЮПТ мектеп инспекторы полиция майоры Асанова Садат Еркиновна 6-11 сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Аталған түсіндірме жұмыстар барысында мынадай төмендегідей мәселелер айтылды.

1) Жолда жүру ережелері.

2) Құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары.

3) Қылмыстың кең таралуының себептері.

Осы тақырып аясында толықтай түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

4) 1-6сынып оқушыларына маршрут картасы жайлы түсіндірілді.









**Жаңа- ұйым жалпы орта білім**
**беретін мектебі.**

Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебінде тәрбие саласының жұмыс жоспарына сәйкес 2022-2023
оқу жылында 9.12.2022 жылы қазақстан республикалық бірыңғай «Жас Қыран» «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанаты
жиынының іс- шарасы өткізілді . осыған орай, 2 сыныптан -23 оқушы , «жас қыран »ұйымына 5-а сыныбынан -13 оқушы , 5ә- сыныбынан -13 оқушы «жас ұлан» жасөспірімдер ұйымына қабылданды.





Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
«Шырайлы Төлеби» фото суреттер албомы бойынша 1-4 сыныптар арасында оқушылар «Шырайлы Төлеби»суреттерін салып танысты.







Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебінде алғыс айту күніне орай "Өзін-өзі басқару" ұйымымен ұйымдастырылған "Алғыс айту-парызым"атты мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында 1-11сынып аралығындағы оқушылардың бәрі өнер көрсетті.Оқушылар ұстаздарына деген алғыстарын ән мен бимен жеткізе білді.










Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру орталығының алғыс айту күніне арналған "Алтын жүрек" Республикалық челленджін Түркістан облысы Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Жаңа -ұйым жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-нің Өзін-өзі басқару ұйымының парламент мүшелері қабыл алды және де алдағы келе жатқан 1-наурыз Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймыз.Сіздерге өмірдегі бар жақсылықты тілей отырып "Алтын жүрек" Республикалық челленджін басқа да білім ордаларына жолдаймыз!

Аға тәлімгер: А.Мамырова

#Алтын жүрек

#өзінөзібасқару

#самоуправлени






Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебі.
Мәліметі.

8-Наурыз Халықаралық әйел-қыздар күніне арналған «Ана тіршіліктің тірегі» атты мерекелік іс-шара өткізілді.











"Қош келдің -әз Наурыз!" онкүндік мерекелік іс-шараның жоспарына сәйкес. "Наурыз-саулықтың кепілі"." Ұлы даланың ойындары" тақырыбында Қазақтың ұлттық ойындары өз деңгейінде өтті.

Мақсаты: Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру, ұлттық ойын түрлерімен таныстыру;

Балаларды елін, Отанын сүйюге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу.














Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірегейлікт сақтау,отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға, табиғатқа ұқыпт қарауды қалыптастыру мақсатында ұйымдастырлып отырған Ұлыстың Ұлы күн Наурыз мерекесі аясында "Таза табиғат" тақырыбында мектеп оқушыларын арналған жасыл акциясы ( Еріктілер акциясы) өткізілді. Акцияға бастауыш сыны оқушылары мектеп ауласына көшеттер қондыру жұмыстарына бастау жасап, жоғарғ сынып оқушылары мектеп ауласында тазалық жұмыстарын жүргізді. Оқушыларды табиғатқа ұқыпты қарауды ұғындыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру,мекте ауласында абаттандыру жұмысын жүргізу бастама алды.

"Қош келдің - әз Наурыз!" Онкүндік мерекелік іс-шарамыз жалғасын табады












Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебінде.Ырысы мол Наурыз! атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.Іс-шара барысында әр сынып ұлттық дәстүрімізді құндылығымызды дәріптеу барысында салт-дәстүрді өз денгейінде алып шықты. Мысалы айта кетсек тұсау кесер, ат қою, сырға салу,беташар, ат мінгізу сияқты

салт-дәстүрлеріміз көрсетілді. Жәнеде мерекелік іс-шараға ауылымыздың қариялары,ардагер ұстаздарымыз шақырылды.







ЫРЫСЫ
МОЛ
НАУРЫЗ!








ЫРЫСЫ
МОЛ
НАУРЫЗ!



Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебі.

Мәлімет.

Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебінде Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған он күндік іс-шаралар аясында . "Үлкенге құрмет кішіге ізет " тақырыбында мектеп оқушылары қарияларға барып наурыз мерекесімен құттықтап қайтты.











Жаңа-ұйым жалпы орта білім беретін мектебі.

Мәлімет.

«Салтым – асыл қазынам!» атты .Ашық тәрбие сағаттары өткізілді.Мақсаты:білімнің қаланатынын, саналы ұрпаққа үйреті.







